

2022

Қазақстандағы отбасындағы,
тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен
күреске кеткен

ШЫҒЫНДЫ БАҒАЛАУ

Алматы
2022

Айтенова Ш.
Нуркеева А.
Байсакова З.

Қазақстандағы отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күреске кеткен шығынды бағалау

МАЗМҰНЫ

Қысқаша мазмұны.....	4
Кіріспе	6
1. Отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы заңнама мен құқық қолдану практикасына шолу	8
2. Отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы мен оған қарсы күреске жұмсалатын мемлекет шығыны	13
3. Зерттеу жүргізу барысындағы ақпарат алу	22
4. Әдістеме	23
Қорытынды және ұсыныстар	25
Дереккөз.....	29
ҚОСЫМШАЛАР	
I. Тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа мемлекеттік бюджеттен кеткен шығынды бағалау	30
II. Үйдегі зорлық-зомбылық құнын есептеудегі халықаралық тәжірибеге шолу	42

АЛҒЫСӨЗ

Бұл зерттеу жұмысы Қазақстандағы Фридрих Эберт қорының өкілдігінің бастамасымен қолға алынған.

Отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы мен оған қарсы күрес саласында жұмыс істейтін мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен бір-қатар кездесулер ұйымдастырған Қазақстандағы Фридрих Эберт қорының қызметкерлері Әлима Теңізбай мен Құрманжан Әбдірахманова көмек көрсетіп, қолдау білдіргенде, бұл анализ іске аспайтын еді.

Мемлекеттік органдардың – Ішкі істер министрлігінің, Бас прокуратураның, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің өкілдеріне Қазақстандағы үйдегі зорлық-зомбылық жағдайын талқылау жөніндегі жұмыс кездесулеріне қатысқаны үшін алғыс айтамыз.

Алматы қаласы Еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Жан-Сая» дағдарыс орталығы» КММ мен Қазақстандағы «Дағдарыс орталықтары одағы» ЗТБ-ге зерттеу мақсатында ақпарат жинауға көмектескені үшін алғыс айтамыз.

Автордың пікірі Фридрих Эберт қоры өкілдігінің пікірімен сәйкес келуі міндетті емес. Қор жариялаған кез келген материалды Фридрих Эберт қорының жазбаша келісімінсіз пайдалануға рұқсат етілмейді.

ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

- Кейінгі бес жылда отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны екі есе өскені отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күресте шешім қабылдағанда батыл болу керегін көрсетіп отыр.
- Үйдегі зорлық-зомбылық туралы 2021 жылғы статистикаға назар аударсақ, мұндай істердің 40% ғана полицияға жететінін көреміз. Сотқа жеткен істердің 39%-на ғана екі сағаттан үш тәулікке дейін қамауға алу сияқты әкімшілік жаза кесілген. Тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күрестің қазіргі ахуалы құрбанның құқығын қорғауды жақсартуға да, агрессор көрсеткен зорлық-зомбылық қайталануын болдырмауға да көмектеспейді.* Тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заңнамада жапа шеккен адамға қатысты «жәбірленуші» ұғымы бар, бірақ «агрессор» деген ұғым жоқ. Заңнамада тұрмыстағы зорлық-зомбылық жасаған адамға психологиялық көмек көрсету мен түзеу бағдарламасы бар болса да, мұндай бағдарламалар орындалмайды және қаржыландырылмайды.
- 2021 жыл қорытындысы бойынша тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметті алушылардың 61% үйдегі зорлық-зомбылыққа куә болған балалар екен. Дегенмен тұрмыстағы зорлық-зомбылықты құжаттау барысында зорлық-зомбылыққа куә болған балалар жөнінде статистика жүргізу қарастырылмағандықтан, балалар арнайы көмек көрсету жүйесінен тыс қалып отыр, оларға арналған реабилитациялық бағдарламалар мен басқа көмек түрлері жоқ.



- Ресми статистикада тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбандары жайында әйелдердің, ерлердің, қарттардың, мүгедектігі бар адамдардың, тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбаны болған басқа да адамдардың саны туралы егжей-тегжейлі мәлімет жоқ. Мұндай мәлімет тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа жыныс пен жас

- параметрлері бойынша толығырақ баға беруге, бұл құбылыстың әр санатындағы құрбандардың денсаулығына келген зиян көлемін дәлірек анықтауға, сондай-ақ көмек көрсету бағдарламасын әлдеқайда атаулы, тиісінше тиімдірек етіп жасауға мүмкіндік берер еді. Сондай-ақ психологиялық және экономикалық зорлық-зомбылық бойынша ресми статистика жүргізілмейді, сондықтан бұл жайт елдегі тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың жалпы ахуалын бағалауға кедергі болып отыр.
- 2021 жылы мемлекет үйдегі зорлық-зомбылықпен күресу үшін 4,5 млрд теңге жұмсаса, оның тек 765 млн теңгесі (17%) тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету мен үйдегі зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі әлеуметтік маңызды жобаларға жұмсалған. Үйдегі зорлық-зомбылықпен күреске кеткен шығынның айтарлықтай бөлігі құқық қорғау және сот жүйесі саласына жұмсалған, яғни бұл тіпті зорлық-зомбылық түп тамырымен жойылған күннің өзінде шығатын шығынға жатады.
- Дағдарыс орталықтары зардап шеккендердің 15%-на ғана жетеді, яғни зорлық-зомбылық көрген аудан және ауыл тұрғындарының бәрі дағдарыс орталығына жете алмайды. Сондай-ақ тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен грант аясында жеткілікті қаржыландырылмайды. Бұл бағыттағы жекелеген жобаларды жүзеге асыруға аймақтардың бәрі бірдей қаржы бөлмейді, тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың жалпы ахуалы мен өткізілетін ісшаралар арасында өзара байланыс жоқ. Олар көбіне жүйелі жүрмейді, дөңгелек үстел, семинар өткізу секілді ісшаралар ұйымдастырумен шектеліп қалады, мұндай әрекеттер тұрмыстағы зорлық-зомбылық деңгейі төмендеуіне әсер етпейді.
- Тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасына қатысы бар барлық субъектілердің ведомствоаралық өзара әрекеттестігін реттеп, тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күрес кезіндегі шаралар қаншалықты тиімді екенін бағалап отыратын ортақ мекеме жоқ, ал бұл тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күрес жолында ортақ көзқарас пен біртұтас стратегия болмауына себеп болып отыр.

КІРІСПЕ

Дүниежүзілік банк есебіне (түрлі елдер бойынша жинақталған мәлімет) назар аударсақ, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың экономикаға зияны ЖІӨ¹-нің 1 пайызынан 2 пайызына дейін жетеді екен. Отбасындағы зорлық-зомбылық жәбірленушіні емдеу және оған қолдау көрсетуге, кінәліні жауапқа тартуға, жұмысы мен табысынан айырылу сияқты әлдеқайда ірі әлеуметтік және экономикалық шығынға себеп болады да, тиісінше экономикалық өсу баяулайды.

Отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық ең жақын отбасы мүшелерімен қоса, қоғамға орасан зор зиян тигізеді. Дегенмен әлемде тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа әйелдер мен балалар әлдеқайда көп ұшырайды.

2021 жылы Қазақстанда 102 пультіне тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактісі бойынша 114 мың қоңырау түскен. Полиция әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөнінде 81 мың қорғау нұсқамасын шығарған.



Сотта отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы құқық бұзушылық жөнінде 44 мың әкімшілік іс қаралған және 17 мың адамға әкімшілік қамауға алу түріндегі жаза кесілген. Статистикаға сүйенсек, әр үшінші арыз ғана сотқа жеткен және әр алты арыздың біреуі ғана тұрмыстағы зорлық-зомбылық жасаған адамды қысқамерзімді әкімшілік қамауға алған.

Президент Тоқаев отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық, сонымен қатар осы саладағы құқық бұзушылықты қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселесін бірнеше мәрте көтеріп, тиімді болатын амалын жасауға назар аударған болатын.

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – үйдегі зорлық-зомбылықпен күрес жолында ұстанатын ереженің негізгі бағыттары мен басымдықтарын анықтауға мүмкіндік беретін

тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күреске кететін шығынды талдау мен бағалау, ұтымды және қаржы бөлуді қажет ететін кемшін тұстарын анықтауға көмектесу.

Зерттеу жұмысының міндеті:

- тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы мен оны қолдану туралы заңнаманы талдау;
- тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы мен оған қарсы күреске бөлінген 2021 жылғы шығын бағыттарын анықтау;
- мемлекет бюджетінің отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы мен оған қарсы күрес шығынын талдау және бағалау.

Бұл зерттеу жұмысы отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы күш көрсетуді болдырмау және оған қарсы жасалып жатқан шараларды анықтаумен және бағалаумен ғана шектеледі.

Тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күрес шығынын есептеу ісі Қазақстанда бұрынсоңды атқарылмаған. Бұл анализ – отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы мен оған қарсы күреске кеткен шығынына сандық және сапалық анализ жасаған алғашқы талпыныс.

¹ Callan, Aoife; Carney, Patrick; Duwury, Nata; Lnu,Raghavendra Srinivas. *Intimate partner violence: economic costs and implications for growth and development (English)*. Women's voice, agency, and participation research series; no. 3 Washington, D.C.: World Bank Group. <http://documents.worldbank.org/curated/en/412091468337843649/Intimate-partner-violence-economic-costs-and-implications-for-growth-and-development>, page 26.

1. ОТБАСЫЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМА МЕН ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ПРАКТИКАСЫНА ШОЛУ

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңда жазылғандай, «тұрмыстағы зорлық-зомбылық дегеніміз – отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі)». Қазақстан заңнамасында тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың төрт түрі бар: күш қолдану, психологиялық, сексуалдық және экономикалық. Дегенмен қазір Қазақстанның құқықтық практикасында күш қолдану зорлық-зомбылығына қарсы күрес саласында ғана әлдеқайда толық статистика бар.

Кейінгі бес жылда отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар саны екі есе өскені тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен жүйелі түрде күресу керегін көрсетіп отыр.

1-кесте. Отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны (Қазақстан Республикасы бойынша мәлімет), 100 мың адамға шаққанда, 2017–2021 жылдар аралығы

2017	2018	2019	2020	2021
2,46	4,99	5,66	5,68	5,40

Дереккөз². ҚР ІІМ. *2017–2020 жылдардағы 100 мың адамға шаққандағы коэффициентті «Рухани Жаңғыру» ҚҚДИ Отбасы институтын зерттеу орталығының қызметкерлері, 2021 жылғысын осы зерттеу жұмысының авторлары есептеген.

2-кесте. 1000 адамға шаққандағы ҚР облыстарындағы отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық статистикасы, 2021 жыл

	2021 жылы отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактісі бойынша түскен қоңырау саны	Қорғау нұсқамасы саны	73, 73-1, 73-2 бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылғандар саны
Қазақстан Республикасы	6	4,3	2
Астана қ.	14,5	6,6	2,4
Ақмола	3,5	4,5	0,9
Ақтөбе	7,2	4,5	1,7
Алматы қ.	11,1	2,8	1,2
Алматы обл.	1,6	2,7	1,4
Атырау	8,3	3,5	3,1
БҚО	8,2	3,4	2,6
Жамбыл	1,9	3,3	1
Қарағанды	2,9	6,1	2,2
Қостанай	7,3	8	1
Қызылорда	1,6	2,5	4,7
Маңғыстау	3,8	4,1	1,8
Павлодар	12,7	8,1	4,5
СҚО	3,2	4,4	5,1
Түркістан	0,5	1,9	0,8
ШҚО	5,1	7,4	3,4
Шымкент қ.	14,9	4,1	0,4

² Ұлттық баяндама, ҚҚДИ, 2021. - 108-6. <https://ru.kior.kz/wp-content/uploads/2022/04/nd-sbn-2021.pdf>.

2021 жылы полицияға 1000 адамға шаққанда ең көп арыз-қоңырау Шымкент (14,9), Астана (14,5), Алматы (11,1) қаласынан және Павлодар облысынан (12,7) түскен. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактісі бойынша 1000 адамға шаққанда ең аз арыз Түркістан (0,5), Қызылорда (1,6) және Алматы (1,6) облысында түскен. Полиция ең көп қорғау нұсқамасын Павлодар (8,1), Қостанай (8), Шығыс Қазақстан облысында (7,4) және Астана қаласында (6,6) берген, ал ең азы Түркістан (1,9), Қызылорда (2,5) және Алматы (2,7) облысында шығарылған. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактісі бойынша ең көп әкімшілік жауаптылыққа тартылғандар Солтүстік Қазақстан (5,1), Қызылорда (4,7) және Павлодар (4,5) облысында болса, ал ең азы (100 адамға шаққанда бір адамға жетпейді) Ақмола, Түркістан облысы мен Шымкент қаласында. Бұл анализден 1000 адамға шаққанда Павлодар облысы отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактісі бойынша арыз жазу, қорғау нұсқамасын шығару және әкімшілік жауаптылыққа тартылғандар санынан алда екенін көріп тұрмыз. Сондай-ақ, керісінше, Түркістан облысы осы үш көрсеткіш бойынша ең соңғы орында тұр. Түркістан облысындағы халық саны Алматы облысы және Алматы қаласымен барабар, бірақ Алматы қаласында түскен арыз саны Түркістан және Алматы облысынікінен 10 есе көп.

Тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы төңірегінде жүрген мамандар қалыптасқан статистиканың себептерін егжей-тегжейлі талдауы керек. «Неге Түркістан және Алматы облысында арыз саны аз?», «Неге Алматы қаласында 1000 адамға шаққанда 11,1 арыз беру фактісінің біреуін ғана әкімшілік жауаптылыққа тартқан?» және т.б. сұрақтарға жауап іздеуі керек. Сондай-ақ арыз беру саны бойынша алда тұрған (1000 адамға шаққанда 14,9 адам) Шымкент қаласында әкімшілік жауаптылыққа тарту фактісі біреуден де аз екен. Арыз берудің аз болу себебі құқық қорғау органдарына сенбеу және тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактісінің жасырын болуы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық үшін лайық жазаның болмауы, гендерлік теңсіздік, патриархал көзқарас және т.б. болуы мүмкін. Қазақстан бойынша орта есеппен полицияға 6 арыз түссе, соның екеуіне ғана әкімшілік жаза кесілген. Бұл тұрмыстағы зорлық-зомбылық көп жағдайда қандай да бір себеппен жазасыз қалатынын көрсетіп тұр.

Заңнамада зорлық-зомбылықтың төрт түрі аталғанымен, зорлық-зомбылықтың психологиялық және экономикалық түрлерімен күрес жөнінде нақты тәжірибе және практика жоқ. Психологиялық және экономикалық зорлық-зомбылықты тіркейтін жалғыз құжат – тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбанын тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбаны деп таныған соң дағдарыс орталығына түскенде толтырылатын бағалау парағы.

Бағалау парағында тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың барлық түрі бойынша зорлық-зомбылық кезінде қандай қатыгездік жасалғанын бағалайтын тізім бар. Мысалы, 2021 жылы Алматы қаласы Еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Жан-Сая» дағдарыс орталығы» КММ-да 128 әйел мен 261 балаға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетілген. Әйелдерді зорлық-зомбылықтың мына түрлері бойынша құрбан деп таныған: арыз берушілердің 100% күш қолдану зорлық-зомбылығын көрген, 92,6% қорқыту мен тіл тигізу және т.б. психологиялық, 43,7% тұрғын үйден айырылу сияқты экономикалық зорлық-зомбылық көрген. Дегенмен бұл бағалау парағы тұрмыстағы

зорлық-зомбылықтың басқа түрлері бойынша ресми статистика жүргізу мен қорытынды шығаруға немесе елдегі тұрмыстағы зорлық-зомбылықты зерттеу бойынша анализ жасау мақсатында қолданылмайды. Статистикалық мәліметтерді тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күрес жөніндегі шараларды талдау, жасау барысында жүйелі және тұрақты түрде ақпарат жинау арқылы нақтылап отыру керек.

Заңнамада тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күреске қатысатын тоғыз мүдделі тарап көрсетілген: үкімет және жергілікті атқарушы органдар, кәмелетке толмағандар мен олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссия, әйелдер мен отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия, білім және денсаулық саласындағы өкілетті органдар, ішкі істер органдары, денсаулық сақтау және көмек көрсету ұйымдары. Осы тоғыз тарап құзыретін талдау барысында тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің қызметі қаншалықты тиімді екенін талдайтын, бағалайтын бір үйлестіруші немесе уәкілетті орган жоқ екенін байқадық.

Сөйтіп, мемлекет жасалып жатқан шаралардың ешқайсын талдамайды, әр тараптың тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы мен оған қарсы күреске қосқан үлесіне бағада да бермейді, кемшілігін де анықтамайды. Үйлестіруші орган Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бола алар еді. Ведомствоаралық өзара әрекеттестікті қадағалайтын органды да белгілеу керек, яғни ол «жауапты» орган деп құр тағайындап қою үшін емес, ведомствоаралық өзара әрекеттестікте басым бағыттарды анықтағанда, тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күреске қатысты шешім шығарғанда, ортақ стратегия әзірлегенде тиімдірек жұмыс істеу үшін қажет.

- Шолу барысында тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің статистикасын жүргізудегі кемшіліктер мен отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың барлық түрі бойынша құрбан болғандардың жынысы мен жасын ескере отырып, мәлімет жинайтын орган жоқ екені анықталған. Мысалы, ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті тұрмыстағы зорлық-зомбылық жөнінде статистика жүргізіп отырады, бірақ тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбандарын жынысы мен жас санаты бойынша, яғни ерлер, әйелдер, балалар, қарттар, мүгедектері бар адамдарды жеке-жеке қарастырмайды. Қазақстан заңнамасындағы отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы зорлық-зомбылық мағынасы үйдегі зорлық-зомбылық туралы халықаралық түсініктегі интим серіктесі көрсететін зорлық-зомбылықтан ауқымдырақ. Демек, бұл жерде зорлық-зомбылық көрген әйелдер мен халықтың басқа да санатының үлесін анықтау үшін егжей-тегжейлі статистика керек. Оның үстіне ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті әкімшілік қамауға алынған адамдар саны жөнінде аймақтар мен жазаның ұзақтығын бөлмей, біріктірілген мәлімет беріп отыр. Яғни қолда бар мәліметтерге қарап, қамауға алынғандардың жынысы мен жасын ажырату, нешеуін екі сағатқа, нешеуін үш тәулікке қамауға алғанын және қай аймақта агрессорларға мұндай жаза түрі көбірек кесілгенін білу мүмкін емес. Сондай-ақ зардап шеккендер қандай жарақат алғанын

анықтайтын статистика жоқ, ал онысы денсаулыққа келтірілген зиян көлемін анықтауға және тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбанының жеке басына және жалпы денсаулық сақтау жүйесіне келтірген материалдық залалды есептеуге қажет болатын еді.

Заңнамаға сәйкес денсаулық сақтау ұйымының құзыретіне мыналар жатады: «наркологиялық, психологиялық, емдеу-профилактикалық көмек көрсету және жәбірленуші мен тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдарға медициналық реабилитация жүргізу; ішкі істер органдарына жәбірленушілердің жүгіну фактілері туралы хабарлау және оларға медициналық көмек көрсету».³ Денсаулық сақтау министрлігіне бірнеше рет сауал жолдау нәтижесінде денсаулық сақтау ұйымдары жәбірленушілердің өтінішін және оларға көрсетілген медициналық көмекті, тұрмыстағы зорлық-зомбылық жасаған адамдарға қандай психологиялық көмек көрсетілгенін есепке алмайтыны және құжаттамайтыны анықталған, ал мұндай мәлімет зерттеу шеңберінде ақпарат толық болуына және барлық шығынды объектив бағалауға көмектесер еді. Түрлі елдердің үйдегі зорлық-зомбылыққа қарсы күреске жұмсайтын шығынын бағалау жөніндегі зерттеу мәліметтеріне сүйенсек, медициналық шығын осы саладағы барлық шығын арасындағы ең маңыздысы саналады екен. Біздіңше, мемлекет үйдегі зорлық-зомбылықтың барлық түріне қарсы күресте медициналық шығынды есептеу практикасын және отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық саласындағы ахуал туралы жыл сайынғы баяндама жасау практикасын қалыптастыруы керек.

- ІІМ жүйесіндегі әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімше 1999 жылы құрылған, 2021 жылдан бері бөлімше саны арта түскен. Қазір әр аудандық полиция бөлімшесінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспектор лауазымы бар. Ережеге⁴ сәйкес әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторлар әйелдерге жасалған қылмыс пен құқық бұзушылықты сараптап; зорлық-зомбылық формасы, түрі және тәсілі жайлы мәліметтерді; отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында жасалатын әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі статистикалық мәліметтерге және әйелдердің құқығына, мүддесі мен бостандығына нұқсан келтіргендерге қарсы жасалған профилактикалық шараларды және т.б. талдап, қорытып отыруы керек. Ережеге сәйкес, осы аталған талдау мәліметтері ІІМ жүйесіне жинақталады да, дәл қазіргі уақытта жарияланбайды. Бір құжатқа біріктірілген мәліметтер әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жөніндегі ахуал туралы жыл сайын баяндама жасағанда құнды ақпарат көзі болып, әйелдердің құқығын зорлық-зомбылықтан жақсырақ қорғау үшін басқару саласында дәлелді шешімдер шығаруға негіз бола алады.

³ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңның 13-бабы

⁴ Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1097 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 қаңтарда № 12948 болып тіркелді.

Тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заңнамада жапа шеккен адамға қатысты «жәбірленуші» ұғымы бар, бірақ «агрессор» деген ұғым жоқ. Бұл кемшілік үйдегі зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің жалпы жай-күйіне де әсер етеді. Анализ нәтижесіне қарап, үйдегі зорлық-зомбылықпен күресудегі негізгі қызмет осындай әрекеттерге нақты жауап болатын амал жасаумен және жәбірленушіге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетумен байланысты екенін байқаймыз. Іс жүзінде көріп жүргеніміздей, жеке профилактикалық амал ретінде ұсынылатын профилактикалық әңгімелесу тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан сақтандыруға және оны болдырмауға тосқауыл бола алмаған.

Заңнамада тұрмыстағы зорлық-зомбылық жасаған адамға психологиялық көмек көрсету мен түзеу бағдарламасын жүргізу көзделген. Дегенмен зерттеу барысында іс жүзінде бұл бағдарламалар жүргізілмейтіні және қаржыландырылмайтыны анықталған. Агрессорлармен жұмыс жөніндегі бағдарламаны әзірлеу мен қаржыландыру – зорлық-зомбылыққа қарсы күреске жұмсалатын шығынға қарағанда, экономикалық жағынан әлдеқайда тиімді шара.

Тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы туралы 2009 жылы шығарылған заң тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрестегі маңызды қадам болғанымен, зерттеу барысында байқағанымыздай, бұл заң жаңартуды, жұмыс істемейтін нормаларды тағы бір қарап, күрес пен профилактиканың жаңа және жұмыс істейтін нормаларын енгізуді қажет етеді.

2. ОТБАСЫНДАҒЫ, ТҰРМЫСТАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАСЫ МЕН ОҒАН ҚАРСЫ КҮРЕСКЕ ЖҰМСАЛАТЫН МЕМЛЕКЕТ ШЫҒЫНЫ

➤ Тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа кететін шығындар жайлы толық мәлімет жоқ болғандықтан, тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес барысында жиналатын мәліметтердің бәрі құжатқа түспейтіндіктен, тұрмыстағы зорлық-зомбылық саласында ақпарат жинайтын және қорытатын уәкілетті орган болмағандықтан, бұл саладағы шығынды жан-жақты сараптау қиын. Шығын толық есепке алынбағандықтан толық мәлімет жоқ, ал бұл зерттеуге айтарлықтай кедергі болып отыр. Мысалы, осы шолуымызда тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбанын емдеуге және оның реабилитациясына, зорлық-зомбылық жасаған адамға наркологиялық көмек көрсетуге, онымен жұмыс істеуге және т.б. кететін шығын есепке алынбаған.

* Заңнамада тұрмыстағы зорлық-зомбылық бойынша жеке профилактиканың он шарасы жазылған:⁵

- 1) профилактикалық әңгімелесу;
- 2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру немесе қорғау нұсқамасын шығару үшін зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органына апару;
- 3) қорғау нұсқамасы;
- 4) әкімшілік ұстау;
- 5) медициналық сипаттағы мәжбүрлі шаралар;
- 6) құқық бұзушының жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгілеу;
- 7) әкімшілік жаза;
- 8) ата-ана құқығынан айыру не оны шектеу, бала (ұл, қыз) асырап алудың күшін жою, қорғаншыларды және қамқоршыларды өз міндеттерін орындауынан босату және одан шеттету, баланы патронат тәрбиешінің тәрбиесіне беру туралы шартты мерзімінен бұрын бұзу;
- 9) іс жүргізудің мәжбүрлеу шаралары және қылмыстық процесте жәбірленушілердің қауіпсіздік шаралары;
- 10) сот үкімі бойынша қолданылатын шаралар.

Осы және өзге де бағыттарға мемлекеттік бюджеттен 4,5 млрд теңге жұмсалған. Соның ішінде құқық қорғау мен сот жүйелерінің тікелей шығыны 2,9 млрд теңге (66%) және 1,5 млрд теңгеге (34%) жеткен. Бұл – дағдарыс орталықтарын қаржыландыруға, үйдегі зорлық-зомбылық профилактикасын жүргізуге арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа және әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі полиция инспекторларының қызметіне кеткен бюджет шығыны.

⁵ Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заңы, 17-бап



3-кесте. 2021 жылы тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізілген басты бағыттар

Шығын бағыты	Сомасы, теңге
Әкімшілік өндіріс	
Полицияға жүгіну (102 пульті)	169 697 472
Сот-медициналық сараптама шығыны	147 694 845
ОТЗЗ жөніндегі сот шешіміне кеткен шығын (ӘҚБтК)	267 685 248
ОТЗЗ бойынша қамауға алынғандарды ұстау шығыны	79 411 500
Денсаулық сақтау шығыны	90 850 000
ОТЗЗ бойынша жеке профилактика шарасы (полиция қызметі)	
ӘТЗЗҚ полициясының қызметі	744 000 000
Қорғау нұсқамасы (полиция қызметі)	486 087 936
Ерекше талаптар (полиция қызметі)	66 674 304
Қылмыстық өндіріс	
ОТЗЗ бойынша соттың шешім шығару шығыны (ҚР ҚК)	39 908 160
ОТЗЗ бойынша сотталғандарды ұстау шығыны	1 586 628 000
Дағдарыс орталықтарын қаржыландыру (арнаулы әлеуметтік қызметтер)	765 243 476
Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар, гранттар	24 592 928
Жиыны	4 468 473 869

Мемлекет 2021 жылы тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасына көп шығын шығармаған. Ең көп қаржы жұмсалған салалар (кему реті бойынша 200 млн теңгеден асатыны): ОТЗЗ бойынша сотталғандарды ұстау, арнаулы әлеуметтік қызметтерді, дағдарыс орталықтарын, ӘТЗЗҚ полициясы қызметін қаржыландыру, қорғау нұсқамасы (полиция қызметі) және ОТЗЗ фактісін сотта Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сай қарау шығыны.

Пайызға шаққанда мынадай:



Сөйтіп, айтарлықтай көп қаржы қылмыстық өндіріске — 36% және ОТЗЗ жеке профилактикасына (полиция қызметіне) — 29% бөлінген.

4-кесте. Әр бағытқа бөлінген шығын құны, біреуіне бөлінген қаржы көлемі

Шығын бағыты	Сомасы, теңге	саны	біреуіне бөлінгені
Әкімшілік өндіріс	755 339 065	44 974	1 679 502
Қылмыстық өндіріс	1 626 536 160	1 020	1 594 643,29
ОТЗЗ бойынша жеке профилактика шарасы (полиция қызметі)	1 296 762 240	81 668	1 587 846

Бұл цифрлар барлық шығынның басым бөлігі қылмыстық өндіріске, ал аз ғана бөлігі әкімшілік өндіріске жұмсалатынын растап отыр. Сонымен қатар 2021 жылы ОТЗЗ саласында құқық бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке қарағанда әкімшілік жауапкершілікке тартылғандар саны 44 есе көп болған.

Сонымен қатар зорлық-зомбылықты қылмыс деп қарастырғаннан, қылмыс ретінде қарастырмаған мемлекетке 48 есе арзан түседі. Оның үстіне тұрмыстағы зорлық-зомбылықты декриминалдандыру шығынын есептегенде негізге алынатын құқық қорғау мен сот жүйелерінің шығыны сол күйі қалады, бұл шығын тұрмыстағы зорлық-зомбылық азаюына немесе көбеюіне еш әсер етпейді. Сөйтіп, қазір тұрмыстағы зорлық-зомбылық көбіне зорлық-зомбылық құрбанының өз денсаулығын құртуы, өмір сүру сапасы нашарлауы, еңбек өнімділігін жоғалтуы түріндегі ауыртпалық болып отыр және ортамерзімді кезеңде адам капиталы сапасын жоғалту және тұрмыстағы зорлық-зомбылық салдарынан еңбекке жарамсыз болып қалған құрбандарды бюджет есебінен асырап-бағу қажет болғандықтан, экономика мен қоғамға ауыртпалық салады. Демек, отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы барлық құқық бұзушылықтарды әлде де мұқият сақтап, тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа жол ашатын заңнамалық, институттық және қоғамдық нормаларды жою керек, зорлық-зомбылық қайталануына жол бермейтін,

керісінше, тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың жасырын түрлерін табуға жол ашатын амалдарды қарастыру керек, агрессорларды міндетті түзеу бағдарламасын енгізу керек.

Дағдарыс орталықтары арқылы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету

Заңнамаға сәйкес жәбірленуші деп танылған адам белгілі бір арнаулы әлеуметтік қызметтерді пайдалана алады. 2017 жылы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартын⁶ әзірлеген, яғни жәбірленуші дағдарыс орталықтарында, арнайы панада (үй-жай), әлеуметтік көмек орталығында және басқа да ұйымдарда әлеуметтік көмек ала алады. Бұл стандартқа сәйкес тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбандары осы жерлерде уақытша күндіз немесе тәулік бойы алты айға дейін қала алады.

- 2021 жылы дағдарыс орталықтары арқылы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуді қаржыландыруға мемлекеттен 765 млн теңге немесе тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасына жұмсалатын тұтас қаржының 17% бөлінген. Бұл шығынға әйелдердің (балалардың да) дағдарыс орталықтарында (үй-жайда) тұру шығыны да кіреді. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңның 1-бабына сәйкес, «арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілер – арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларда жұмыс істейтін жеке және (немесе) заңды тұлғалар». Сөйтіп, арнаулы әлеуметтік қызметті мемлекеттік мекемелер де, үкіметтік емес ұйымдар да көрсетеді. Жолдаған сауалымызға берілген жауаптарға сүйенсек, дағдарыс орталықтары қызметі республикалық бюджеттен қаржыландырылады, яғни бұл – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жоспардағы трансферті, сондай-ақ жергілікті бюджет пен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы тікелей қаржыландырылады.



⁶ Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы заңы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 1079 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 20 қаңтарда № 14701 болып тіркелді.

5-кесте. Дағдарыс орталықтарын қаржыландыру, 2021 жыл

Аймақ	РБ-дан қаржыландыру, теңге	ЖБ-дан қаржыландыру, теңге	АӘҚ-ті мемтапсырыс арқылы қаржыландыру, теңге	Жиыны, теңге
Астана қ.	-/-	39 246 000	28 911 492	68 157 492
Ақмола	3 989 000	67 827 000	-/-	71 816 000
Ақтөбе	5 431 000	18 497 000	20 310 000	44 238 000
Алматы қ.	2 422 000	91 800 000	-/-	94 222 000
Алматы обл.	2 581 000	56 840 000	-/-	59 421 000
Атырау	-/-	20 959 800	2 680 000	23 641 800
БҚО	2 628 000	78 235 000	-/-	80 863 000
Жамбыл	3 484 000	120 422	-/-	3 604 422
Қарағанды	1 125 000	-/-	124 010 407	125 135 407
Қостанай	3 633 000	42 001 000	1 399 850	47 034 150
Қызылорда	2 850 000	56 593 000	-/-	59 443 000
Маңғыстау	2 607 000	- /-	-/-	2 607 000
Павлодар	-/-	209 835	6 700 000	6 909 835
СҚО	2 850 000	28 648 450	-/-	31 498 450
Түркістан	6 715 000	26 993 220	-/-	33 708 220
ШҚО	3 624 000	9 322 000	-/-	12 946 000
Шымкент	-/-	-/-	-/-	-
Жиыны:	43 939 000	537 292 727	184 011 749	765 243 476

Жиыны: 765 243 476

*Дереккөз: Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, әкімдіктер ұсынған деректер

Кестеден көріп отырғанымыздай, дағдарыс орталықтарына ең көп қаржы Қарағанды облысында (125 млн теңге), Алматы қаласында (94 млн теңге) және БҚО-да (81 млн теңге), ал ең азы Маңғыстау (2,6 млн теңге), Жамбыл (3,6 млн теңге) және Павлодар (6,9 млн теңге) облысында бөлінген.

Бірқатар аймақтарда дағдарыс орталықтары қызметін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы үкіметтік емес ұйымдар қосымша қаржыландырған, ал Қарағанды облысында (ең көп қаржыландырылған) арнаулы әлеуметтік қызмет негізінен мемлекеттік тапсырыс арқылы қаржыландырылған. Дегенмен, Қарағанды облысы Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі тобының аға инспекторы⁷ Гүлбану Сәтпаева-Алпысбаеваның айтуынша, «мемлекеттік дағдарыс орталықтары жетіспейді», ал мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша тендермен жұмыс істейтін дағдарыс орталықтары тұрақты емес және белгілі бір жобаны жүзеге асыру кезінде ғана жұмыс істейді. Дағдарыс орталықтары жетіспейтіні, әсіресе, ауылдық жерлерде анық байқалады. Тұрақты жұмыс істейтін дағдарыс орталықтары әлі де қажет, бұл орталықтар ОТЗЗ құрбандарының жедел әлеуметтік көмек алуына кепіл болып отыр.

⁷ <https://strategy2050.kz/ru/news/krizisnye-tsentry-neobkhodimy-v-kazhdom-regione-inspektor-po-zashchite-zhenshchin-ot-nasiliya/>

6-кесте. Дағдарыс орталықтарындағы (үй-жайдағы) арнаулы әлеуметтік қызметтер ауқымы, 2021 жыл

Аймақ	Әйелдер	Балалар	Жалпы ауқымы
Астана қ.	100	209	309
Ақмола	54	71	125
Ақтөбе	43	86	129
Алматы қ.	128	261	389
Алматы обл.	33	75	108
Атырау	22	67	89
БҚО	38	74	112
Жамбыл	112	78	190
Қарағанды	47	27	74
Қостанай	40	85	125
Қызылорда	104	240	344
Маңғыстау	55	64	109
Павлодар	59	91	150
СҚО	28	46	74
Түркістан			92
ШҚО	56	65	121
Шымкент			
Жиыны	616	1000	2357

*Дереккөз: әкімдіктер мен дағдарыс орталықтары ұсынған мәліметтер

Сөйтіп, тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбаны болған әйелдер мен балаларды ең көп қамтып отырған аймақтар — Алматы қ. (389 адам), БҚО (344) және Астана қ. (309), ал ең аз қамтығандары — Қарағанды мен Солтүстік Қазақстан (74), Атырау (89) мен Түркістан облысы (92). Кестеге қарап, Алматы қаласы мен БҚО-да қаржыландыру ауқымы үлкен, (мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы) дағдарыс орталықтарын ең көп қаржыландырған Қарағанды облысында тым аз екенін байқаймыз. Қазақстанның жан-жақты ақпарат берген үш аймағында мемлекет дағдарыс орталықтары мен үкіметтік емес ұйымдар арқылы 1 616 адамға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетсе, оның мыңы немесе 61% кәметелет жасына толмаған балалар екен. Сонда орта есеппен әр құрбанға 1,6 баладан келіп тұр.

Құқық қорғау органдары академиясының ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институтының сараптамасында жазылғандай, «үйдегі зорлық-зомбылықтың көбі жасырын қалады. Тиран күйеуінен зардап шегетін әйелдердің 70–90% ұзақ уақыт бойы полицияға хабарласпай жүре береді».⁸ Бұл тезисті ғалым Н.К. Абдрахманова мен Е.О. Алауханов та қолдап, «Латентность домашнего насилия в Республике Казахстан на современном этапе»⁹ деген мақаласында «тұрмыстағы зорлық-зомбылық туралы сұрағымызға жауап берген құрбандардың 66,7% көмек сұраған» дейді. Демек, 2021 жылы түскен 114 мың арыз отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық саласындағы барлық құқық бұзушылықтың 25% ғана болуы мүмкін. Бұл жағдайда зорлық-зомбылыққа куә болған


⁸ <https://academy-gp.kz/?p=10638&lang=ru>

⁹ <https://cyberleninka.ru/article/n/latentnost-domashnego-nasiliya-v-respublike-kazakhstan-na-sovremennom-etape/viewer>

балаларды, жасырын қалған жайттар статистикасын ескерсек, 700 мыңнан асуы мүмкін. Демек, балалардың дені үйдегі зорлық-зомбылыққа куә болған және қосымша көмек қажет етеді. Зорлық-зомбылыққа куә болған балалар тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың ресми статистикасына кірмейді, сөйтіп, жалпы деректен тыс қалады, оларға бағытталған арнайы реабилитация мен басқа да көмек түрлері әзірленбейді. Зорлық-зомбылықпен күрес шығынын есептегенде отбасындағы зорлық-зомбылық жанама кесірін тигізген балаларға көмек көрсету шығынын да ескеру керек.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс¹⁰ пен гранттарды қаржыландыру

2021 жылы тұрмыстағы зорлық-зомбылық бағытындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың (МӘТ) жалпы көлемінің 96% дағдарыс орталықтары арқылы арнаулы әлеуметтік қызметтерді қаржыландыруға бөлінген және 4% (9,5 млн теңге) ғана тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан сақтандыруға қатысты әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыруға бөлінген. Мемлекеттік сатып алу порталында «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы» тақырыбында бары 9 592 928 теңгеге¹¹ жеті шарт жасалған және Азаматтық бастамаларды қолдау орталығынан 15 000 000 теңгеге бір грант бөлінген. 2021 жылы тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасына кеткен жалпы шығын 24 592 928 теңге болған.

2-график. 2021 жылғы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жұмсалыу бағыты, млн теңге

¹⁰ Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған. МӘТ «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» (№36, 2005 жылғы 29 сәуір) заң аясында реттеліп, іске асады. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша шаралар мемлекеттік тапсырысты іске асыру ережесіне сай жүреді. Қызмет көрсетушілер конкурс арқылы анықталады. Жергілікті әкімдік тапсырыс беруші болады (ішкі саясат бөлімі және басқа да меморгандар).

¹¹ Мәлімет «Датаномикс» мемлекеттік сатып алуға мониторинг жасау және сараптау жүйесінен алынған.

Бұл мәлімет «Датаномикс» мемлекеттік сатып алуға мониторинг жасау және сараптау жүйесінен алынған. Шарттарды іздегенде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша жобалар сипаттамасындағы кілт сөздерді (яғни отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасына тікелей бағытталған жобаларды іріктеп қостық) пайдаландық. Сөйтіп, МЭТ-ті бұлай іріктеуге «отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы», «зорлық-зомбылық құрбаны» сияқты нақты сөз тіркестерін қолдандық. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасына жанама қатысы бар ісшаралар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша басқа жобаларға да жататынын естен шығармадық, өйткені бір жобада бірнеше тақырып бағытын біріктірген мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар да бар.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар бойынша жүктеліп алынған деректерді сараптау барысында 2021 жылы барлық аймақ тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша жекелеген жобаларды қаржыландырмағаны анықталды.

7-кесте. Отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы саласындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жобаларының саны мен қаржыландыру сомасы

Аймақ		Жоба саны	Сатып алу қорытындысы бойынша сомасы
1	Ақмола облысы	2	3 456 500
2	Алматы облысы	1	1 071 428
6	БҚО	2	4 170 000
4	Қарағанды облысы	1	400 000
5	Қостанай облысы	1	495 000
6	«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» АҚ	1	15 000 000
7 Жиыны			24 592 928

*Дереккөз: goszakur.gov.kz мемлекеттік сатып алу порталы мен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» АҚ сайты

Бұл жобалар отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбандарына, көбіне әйелдер мен балаларға көмектесуге бағытталған. Жобалар аясында семинар, дөңгелек үстел, тренинг, акция өткізу сияқты ісшаралар жоспарланған.

8-кесте. Жобалар тізімі					
№	Тапсырыс беруші	Жеткізуші	Шарт сомасы, теңге	Жоба атауы	Техникалық ерекшелігінің қысқаша сипаттамасы
1.	«Қостанай ауданы әкімдігінің «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі	«Қостанай облысының психологтар қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі	495 000	Отбасы құндылықтарын көтеру және насихаттау, отбасы институтын нығайту және тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы	Семинар өткізу, видеоролик түсіру

2	«СҚО Жамбыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	«Адам және қоғам» үкіметтік емес ұйымы» қоғамдық бірлестігі	1 071 428	Этносаралық, конфессияаралық қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту, гендерлік саясатты жүзеге асыру және әйелдердің отбасындағы қатынасын нығайтуды іске асыру, тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың кез келген түріне төтеп беруге қатысты ісшаралар ұйымдастыру және өткізу	Ісшаралар өткізу, ұнпарақ тарату, БАҚ-та жариялау және т.б.
3	«Қарағанды облысы Приозерск қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі	«Қарағанды облыстық жастар мен балалар ұйымдарының одағы» жастар қоғамдық бірлестігі	400 000	Қиындыққа тап болған әйелдер мен балаларға қатысты тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша «Үйдегі зорлық-зомбылық – дәстүр емес, қылмыс» тақырыбына семинар ұйымдастыру және өткізу	семинар өткізу, буклет дайындау
4	«Ақмола облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі	«QAZAQSTAN JASTARY» қоғамдық қоры	2 990 000	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру аясында тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамдарға психологиялық және құқықтық көмек көрсетуге бағытталған ісшаралар ұйымдастыру	Трениндер, оқу курстарын, арнайы акциялар және т.б. өткізу
5	БҚО Бөрілі ауданы әкімдігі «Бөрілі аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі	«Ақсай жастары» жастар қоғамдық бірлестігі	1 000 000	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында неке және отбасы институтын нығайтуға бағытталған ісшаралар кешенін, отбасылық құндылықтарды насихаттау және тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасын өткізу	отбасылық конкурстар, сауалнама, рейд
6	Ақмола облысы «Қорғалжың аудандық еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	«Қорғалжың аудандық іскер әйелдер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі	466 500	Тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан зардап шеккен және қиындыққа тап болған адамдарға кеңес беру, әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету аясында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық және суицид профилактикасы» дағдарыс орталығын ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету	8 семинар өткізу, кемі 1 рет иссапарға шығу
7	БҚО «Орал қалалық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі	«Жайық таңы» қоғамдық бірлестігі	695 835	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру аясында ісшаралар ұйымдастыру/өткізу бойынша қызмет көрсету – отбасылық құндылықтарды насихаттау және тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы бағытында ісшаралар өткізу	отбасылық конкурс өткізу

Сөйтіп, жобалардың техникалық ерекшеліктерін¹² сараптау барысы тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың жалпы жағдайы мен жеке-жеке өткізілетін ісшаралар арасында өзара байланыс жоқ екенін, негізінен тұрмыстағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендетуге

¹² Техникалық сипаттама мемлекеттік сатып алу туралы шарттың ажырамас бөлігі саналатынын, онда жазылған барлық ісшаралар міндетті түрде өткізілуі керек екенін еске саламыз (ісшараны көбейту, жақсарту жағын жеткізуші жасай алады).

барынша аз септігін тигізетін дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізумен шектелетінін көрсетіп отыр. Жалпы саясатты, соның ішінде тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жобаларын әр аймақтың ерекшелігіне қарай тақырып бойынша бөліп, біріктіріп, реттейтін және іске асыратын, жұмысты үйлестіріп отыратын ортақ мекеменің жоқ болғаны осы жайтқа бірден-бір себеп.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстан бөлек, әлеуметтік маңызы бар жобаларға грант бөлетін «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» АҚ 2021 жылы «Дағдарыс орталықтарының қызметін жетілдіру, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және агрессорлармен жұмыс жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру» жобасына 15 млн теңге бөлген.

2021 жылы «Қазақстанның тең құқық және тең мүмкіндік институты» қоғамдық қоры Қазақстан аймақтарында тұрмыстағы зорлық-зомбылықты болдырмау механизмдерін жетілдіру жөніндегі республикалық жоба кеңсесін құру туралы жобасын іске асырған. Жоба аясында мынадай нәтижеге жету жоспарланған:¹³

- Қазақстан Республикасы заңнамасын, соның ішінде дағдарыс орталықтарына қатысты заңнаманы жетілдіру туралы сараптама жасау және ұсыныстар әзірлеу;
- республиканың 17 аймағындағы тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан зардап шеккен 700 әйел мен балаға психологиялық көмек көрсету;
- республика аймақтарындағы әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау және кәмелетке толмағандармен жұмыс жөніндегі 75 инспектордың білігін арттыру және құзыретін көтеру;
- республиканың барлық аймағындағы азаматтар (кемінде 4 500 адам) тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі дағдарыс орталықтарының қызметі туралы көбірек білуі үшін жұмыс істеу;
- 17 аймақтағы тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі дағдарыс орталықтарының қызмет көрсету сапасын жақсарту;
- аймақтардағы дағдарыс орталықтарының жұмысына жүргізген мониторинг қорытындысына сүйеніп, қазақша және орысша анализ жасап, баяндама әзірлеу;
- әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау және кәмелетке толмағандармен жұмыс жөніндегі инспекторларға арнап агрессормен қалай жұмыс істеу керегін түсіндіретін қазақша және орысша нұсқаулық дайындау;
- әлеуметтік желілерге жарияланымдар, газеттерге мақалалар жазу және аймақтық және республикалық телевидениеге сұхбат беру.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен мемлекеттік гранттар аясында әлеуметтік жобаларды іске асыру барысындағы ең өзекті мәселелер: таңдап алынған әдіс тиімділігі, тұрақты нәтиже және қаржыландыру көлемі мен өткізілетін ішаралар санының сәйкес келуі.


3. Зерттеу жүргізу барысындағы ақпарат алу

Бұл зерттеу жұмысы – зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жолында бюджет қаржысы қалай жұмсалып жатқанын сарапқа салған алғашқы талпыныс, сондықтан мемлекеттік органдар ақпарат беруге жан-жақты көмек берсе – мүдделі тараптардың бәрінің бірлескен жұмысына айтарлықтай үлес қосар еді.

2022 жылғы шілдеден қыркүйекке дейінгі аралықта 53 сауал жолдадық. 53 жазбаша және 30 электрон сауалдың 12% жауапсыз қалды, 33%-ға жуығын алған мекеме басқа мекемеге жолдаған немесе сұраған ақпаратты толық бермеген. Дегенмен көбі (55%) сұраған ақпаратты толық берген.

¹³ Әлеуметтік жобаның толық сипаттамасы, 2021 жылғы 1 наурыздағы №5 грант туралы шартқа №3 қосымша. <https://cisc.kz/projects/razrabotka-i-realizatsiya-mer-po-sovershenstvovaniyu-deyatelnosti-krizisnyh-tsentrov-profilaktike-semejno-bytovogo-nasiliya-i-rabote-s-agressorami>

Мемлекеттік органдарға жолданған сауалдарға берілген жауаптар



Денсаулық сақтау ұйымдары психологиялық көмек көрсету фактілерінің есебі мен құжатын жүргізбейді деуге болады, ал онысы мәліметтердің толық болуына және зерттеу аясында барлық шығынды объектив бағалауға әсер етеді. Сондай-ақ Жоғарғы соттан толық жауап ала алмадық, себебі сұрап отырған ақпаратымызға есеп жүргізілмейді немесе «қызмет бабында пайдалану үшін» санатына жататындықтан, ол ақпаратты ала алатындар қатарын шектеп қойған. Зерттеу жұмысымыз отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық саласында жан-жақты статистика жүргізгенде кемшіліктер барын және тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің бәрінде бар мәліметтерді осы саладағы жағдайды ортақ бағалап, сарапқа салу үшін біріктіру керегін көрсетіп отыр.

4. Әдістеме

Бұл зерттеу жұмысы тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі 2021 жылғы шараларды, соның ішінде осы бағыттағы мемлекеттік шығынды сарапқа салып, әрі қарай түйіндеп, бағалайды.

Жоба әдістемесі ресми сауалдар нәтижесіне және әлеуметтік сауалнама жүргізбей-ақ құжаттарды сараптау секілді көпшілік оқи алатын ашық дереккөздегі ақпаратқа сүйенген.

Анализ пәні – Қазақстанның отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы күш қолдану зорлық-зомбылығына қарсы күреске жұмсаған 2021 жылғы шығыны.

Тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы мен оған қарсы күрес шығынының нақты құны мен басты бағыттарын анықтау үшін тұрмыстағы зорлық-зомбылық бойынша жеке профилактиканың он шарасын¹⁴ мынадай бес топқа бөлдік:

¹⁴ Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заңы, 17-бап

1. Әкімшілік өндіріс.
2. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық бойынша жеке профилактика шаралары (полиция қызметі).
3. Қылмыстық өндіріс.
4. Дағдарыс орталықтарын (арнаулы әлеуметтік қызметтерді) қаржыландыру.
5. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасына бөлінген мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар және гранттар.

«Әкімшілік өндіріс» тобына мына жұмыстарға кеткен шығын жатады: полицияның 102 пультіне хабарласу; тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан зардап шеккендердің сот-медицина сараптамасына кеткен шығын; сотта зорлық-зомбылық жасаған адамдар ісін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекске сүйеніп қарауға кеткен шығын; сот қаулысымен әкімшілік қамауға алынғандарды ұстау шығыны; тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбандарына медициналық көмек көрсету шығыны.

«Жеке профилактика шаралары» тобына полицияның қорғау нұсқамасы мен ерекше талаптар шығару және бақылаушы қызметіне, сондай-ақ әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторлардың қызметіне жұмсалатын шығын жатады.

«Қылмыстық өндіріс» тобы шығынына отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық саласында жасалған құқық бұзушылықтарды сотта қарау шығыны мен сотталғандарды бас бостандығынан айыру орындарында ұстау шығыны кіреді.

«Дағдарыс орталықтарын (тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді) қаржыландыру» тобы шығынына республикалық және жергілікті бюджеттен арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін үкіметтік және үкіметтік емес дағдарыс орталықтарын қаржыландыру жатады.

«Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс» тобы шығынына жергілікті және республикалық бюджеттен бейкоммерциялық ұйымдардың тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасына қатысты жобаларын қаржыландыруға және бөлінген гранттарға кеткен шығын кіреді.

Тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы мен оған қарсы күрестің шығынын анықтағанда жалпы полиция мен сот шығынынан тұрмыстағы зорлық-зомбылық саласына кеткен шығынды ғана бөліп алдық. Сондай-ақ сот қызметі шығынын есептегенде қылмысты қарауға кететін ең аз уақытты алдық, ал ол орташа көрсеткіштен бірнеше есе көп болуы да мүмкін. Сондықтан зерттеу нәтижесі қолда бар мәліметтерге сүйене отырып, тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күреске кететін ең аз шығынды көрсетіп отыр.

Ақпарат көзі: тиісті мемлекеттік органдарға жолданған сауалдар жауабындағы деректер, Ұлттық статистика бюросының мәліметтері, мемлекеттік сатып алу порталындағы статистика, БАҚ-та ресми жарияланған мәліметтер.

Бұл зерттеу жұмысында тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбандарының жеке шығынын, сондай-ақ өмір сүру сапасы төмендеуі, еңбекке жарамай қалуы, кірісінен айырылуы және шетелдік зерттеу жұмыстарында ескерілетін өзге де шығын түрлері есепке алынған жоқ, есепке алынған жағдайда тұрмыстағы зорлық-зомбылық бойынша мемлекет өткізетін профилактика мен оған қарсы күреске кететін тікелей шығын бірнеше есе көп болуы мүмкін. Мұндай бағалау үйдегі зорлық-зомбылықтың болашақ құнын объектив бағалау үшін аса маңызды.

Қорытынды және ұсыныстар

Кейінгі бес жылда тіркелген үйдегі зорлық-зомбылық статистикасы екі еседен көбірек өскені осы бір жағымсыз құбылыспен күрес жолында батыл болып, тиісті амалын жасау керегін көрсетіп отыр.

2021 жылғы үйдегі зорлық-зомбылық бойынша статистикаға сүйенсек, полицияға түскен арыздардың 40% ғана сотқа жететінін, ал сотқа жеткен істердің 39%-на ғана екі сағаттан үш тәулікке дейін қамауға алу сияқты әкімшілік жаза кесілгенін көрсетіп отыр. Тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің қазіргі жай-күйі жәбірленуші құқығының көбірек қорғалуына да, агрессордың зорлық-зомбылықты қайталамауына да әсер етпейді.



2021 жылы үйдегі зорлық-зомбылыққа мемлекеттен 4,5 млрд теңге шығын шыққан, соның 765 млн теңгесі (17%) ғана тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік көмек көрсету және үйдегі зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша әлеуметтік маңызы бар жобаларға кеткен. Үйдегі зорлық-зомбылыққа қарсы күрес шығынының айтарлықтай бөлігі, тіпті үйдегі зорлық-зомбылық түбегейлі жойылса да жұмса беретін құқық қорғау және сот жүйесіне тиесілі. Демек, мемлекет бұл салаға жеткілікті қаржы бөліп отырған жоқ, үйдегі зорлық-зомбылық профилактикасы мен құрбандарға дағдарыс орталықтары арқылы көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерге бөлінетін қаржы көлемі жеткіліксіз. Дағдарыс орталықтары тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан зардап шеккендердің 15%-ын ғана толық қамти алады, демек, бұл – аудандардағы, ауылдық жердегі жәбірленушілер (әйелдер, балалар) дағдарыс орталықтарына жете алмайды деген сөз.

2021 жылғы қорытындыға сүйенсек, тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерді алғандардың 61% – үйдегі зорлық-зомбылыққа куә болған балалар. Дегенмен тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактілерін құжатқа түсіргенде зорлық-зомбылыққа куә болған балалар статистикаға енген, сөйтіп, балалар арнайы көмек көрсету жүйесінен тыс қалып, оларға арнайы реабилитация бағдарламасы мен басқа да көмек түрлері әзірленбеген. Зорлық-зомбылыққа куә

болған балаларды есепке алу отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық жағдайын толық бағалауға және оларға қандай көмек көрсетуге болатынын анықтауға қажет. Жасырын статистиканы ескерсек, зорлық-зомбылыққа куә болған балалар саны 700 мыңнан асуы мүмкін.

Заңнамада зорлық-зомбылық жасаған адамдарға психологиялық көмек көрсету мен түзеу бағдарламасы бойынша жұмыс істеу жағы қарастырылған. Дегенмен зерттеу аясында мұндай бағдарламалар іс жүзінде орындалмайтыны және қаржыландырылмайтыны анықталған. Тұрмыстағы зорлық-зомбылықты қылмыс деп танымау, оған лайық және бұлтартпас жаза болмағаны құрбан жағдайын нашарлатып, қылмыс қайталануына себеп болады.

Заңнамада тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың төрт түрі (күш қолдану, психологиялық, сексуалдық және (немесе) экономикалық) жазылған, дегенмен мемлекет күш қолдану зорлық-зомбылығына қарсы күреске ғана мән беріп отыр. Психологиялық және экономикалық зорлық-зомбылық бойынша статистика жүргізілмейді. Бұларға қатысты мәліметті зорлық-зомбылық құрбандары дағдарыс орталықтарына келгенде толтыратын сауалнамадан ғана ала аламыз. Дегенмен бұл мәліметтер әрі қарай статистика жүргізуге немесе отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық саласындағы жағдайды талдауға пайдаланылмайды. Психологиялық және экономикалық зорлық-зомбылықты құжатқа түсіру және статистикасын жүргізудің механизмі мен рәсімі жоқ.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы» заңнамасында отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар ұғымына «ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған адамдар, жақын туыстар, ортақ баласы (балалары) бар адамдар арасындағы қатынас» деп анықтама берген. Бірақ ресми статистикада тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбандарының жынысы мен жасы, қандай жарақат алғаны жазылмаған, яғни тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбаны болған әйелдердің, ерлердің, балалардың, қарттардың, мүгедектігі бар адамдардың және басқа да адамдардың саны туралы жария мәлімет жоқ. Бұлай бөліп көрсету жағдайды жыныс пен жас параметрлері бойынша барынша толық бағалауға және құрбанның денсаулығына қандай зиян келгенін мүмкіндігінше дәл анықтауға мүмкіндік берер еді.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы» заңнамада тұрмыстағы зорлық-зомбылық кезінде зиян шеккен адамға қатысты «жәбірленуші» деген ұғым бар, бірақ зиян келтірген адамға қатысты «агрессор» деген ұғым жоқ. Бұл кемшілік үйдегі зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің жалпы жағдайына әсер етеді, өйткені мемлекеттік органдар бар күшін жәбірленуші тарапты қорғауға, тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсетуге салады, ал агрессорлармен жұмыс істейтін нақты шара жоқ. Анализ нәтижесінен үйдегі зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі қызмет құқықтық әрекеттер мен жәбірленуші тарапқа арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге байланысты екенін байқаймыз.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен гранттар аясында тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасына жеткілікті қаржы бөлінбейді. Үйдегі зорлық-зомбылық профилактикасына тікелей қатысы бар әлеуметтік маңызды жобаларды қаржыландыруға 24


млн теңге жұмсалған, оның 15 млн теңгесі «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» АҚ грантына тиесілі. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша қаржыландырылған жобаларға жасалған анализден осы тақырыптағы ісшараларға аймақтардың бәрі бірдей қаржы бөлмейтінін, тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың жалпы жағдайы мен өткізілетін ісшаралар арасында өзара байланыс жоқ екенін байқаймыз. Ісшаралар бір-бірін толықтырып тұрған жоқ, сонымен қатар нәтижесі тұрмыстағы зорлық-зомбылық деңгейі төмендеуіне әсер ете қоймайтын дөңгелек үстел, семинар өткізумен шектеледі.

Тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың осыған дейін айтылған аспектілері бойынша есеп жүргізілмегені және құжатқа түспегені елдегі үйдегі зорлық-зомбылық жағдайын жалпы бағалауға кері әсер етіп отыр. Ведомствоаралық байланысты үйлестіруге арналған ереже мен тиісінше отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілері саналатын органдардың бәрі жасап отырған амалдар қаншалықты тиімді екенін бағалайтын жүйе болмағандықтан, үйдегі зорлық-зомбылық мәселесі бойынша мәлімет жеткіліксіз болып отыр. Отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы мен оған қарсы күрес жүргізетін барлық тарап жұмысын үйлестіретін орган жоқ, сондықтан күрестің ортақ стратегиясы да жоқ. Отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің жұмысын үйлестіріп отыратын орган болса, барлық атқарылып жатқан жұмыстарды сараптап, бағалап, зорлық-зомбылыққа қарсы ортақ ереже қалыптастыруға болады.

Ұсыныстар:

- тұрмыстағы зорлық-зомбылықты қылмыс деп тану мәселесін қарастыру және зорлық-зомбылық қайталанбауы үшін шара жасау;
- заңнамада тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізетін барлық тараптың ведомствоаралық өзара әрекеттестігі мен үйлестіруге және жағдайдың жыл сайынғы бағалауын ескере отырып, зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің ортақ стратегиясын әзірлеуге жауапты органды белгілеу;
- заңнамада тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің бәрінен ақпарат алу және жалпы жағдайды бағалаудың тиімді механизмін қамтамасыз ету үшін ведомствоаралық регламент белгілеу;
- елдегі барлық аймақта тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталықтарын ашу және олардың қаржыландыруын бірізге түсіру;
- тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа куә болған балалар санын анықтау, ондай балаларға арналған реабилитациялық бағдарлама дайындау;
- психологиялық және экономикалық зорлық-зомбылықты есепке алатын жауапты органды белгілеу, оны анықтаудың нақты критерийлері мен көрсеткіштерін және құжатқа түсіру мен тіркеу жолдарын нақты белгілеп алу;
- отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қатысты жағдайды толық бағалау үшін тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбандарының жынысы мен жасын, қандай жарақат алғанын анықтап, статистикасын жасау;

- заңнамаға «агрессор» ұғымын енгізу керек, бұл осы санаттағы адамдарға міндетті түзеу бағдарламасын енгізу үшін қажет;



- агрессорларға міндетті түзеу бағдарламасын өтуді заң жүзінде бекіту;



- әр аймақта тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі әлеуметтік маңызды жобаларды қаржыландыру жолын қарастыру, іске асырылатын жобалардың техникалық ерекшелігінде отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық саласындағы нақты мәселелерді, әсіресе, гендерлік теңдік, адам құқығы, ар-намысына тимеу, қадір-қасиетін төмендетпеу секілді негізгі құқықты насихаттау жолы көрсетілуі керек.

Дереккөз:

1. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы.
2. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Кодексі (23.07.2022 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
3. «Ішкі істер органдары арнайы қабылдау орындарының қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 23 мамырдағы №232 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 22 маусымда №7030 тіркелді.
4. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №1097 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жығы 28 қаңтарда №12948 болып тіркелді.
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2006 жылғы 21 желтоқсандағы №1079 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 20 қаңтарда №14701 болып тіркелді.
6. Sinéad A., Nata D., Srinivas R., Stacey S., O'Donovan D., 2017, «Methodological Approaches for Estimating the Economic Costs of Violence against Women and Girls». <https://www.whatworks.co.za/documents/publications/90-methodological-approaches-for-estimating-the-economic-costs-of-vawg/file>.
7. KPMG, 2016 «The cost of violence against women and their children in Australia». https://www.dss.gov.au/sites/default/files/documents/08_2016/the_cost_of_violence_against_women_and_their_children_in_australia_-_summary_report_may_2016.pdf.
8. IWPR, Cynthia Hess, Ph.D., and Alona Del Rosario, M.A., «Dreams Deferred: A Survey in the Impact of Intimate Partner Violence on Survivors`, Education, Careers and Economic Security». <https://iwpr.org/iwpr-publications/report/dre...>

I. ТҰРМЫСТАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТЕН КЕТКЕН ШЫҒЫНДЫ БАҒАЛАУ

Құқық қорғау жүйесінің шығыны

Құқық қорғау органдарының отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күреске кеткен шығынын есептегенде тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактісі туралы арыздар мен хабарламаларды қарау, профилактикалық есепке алу және профилактикалық бақылау, қорғау нұсқамасын жазу, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру, әкімшілік құқық бұзушылық бойынша өндірісті жүргізуге, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңның 10-бабына сәйкес басқа да шараларға сүйендік.

1-көрсеткіш: 102 кезекші пульті қызметі

Құнды есептеу үшін ішкі істер органдары қызметкерлерінің орташа еңбекақысы негізге алынады, атап айтқанда, отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактілері бойынша 2021 жылы 102 пультіне түскен қоңыраулар (қоңырауға жауап беру, қызмет көрсету, есеп беру) туралы мәлімет алынады.

$\Sigma = 250\,000 \text{ теңге} : 21 \text{ ж.к.} : 8 \text{ с.} = 1\,488 \text{ теңге}$

Әр қоңырауға орта есеппен кезекшінің 1 сағат жұмыс уақыты кетеді деп алдық (рәсімдеу, есеп беру және т.б.).

$\Sigma = 1\,488 * Q$

мұндағы Q — әр аймақта түскен қоңырау саны

1-кесте. 102 пультіне тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактісі бойынша хабарласқандар саны

Аймақ	ОТЗБ бойынша 2021 жылы түскен қоңырау саны	Кезекшінің орташа еңбекақысы, теңге	1 сағаттың құны, теңге	Барлық қоңырауға төленгені, теңге
Астана қ.	17 134	250 000	1 488	25 495 392
Ақмола	2 610	250 000	1 488	3 883 680
Ақтөбе	6 459	250 000	1 488	9 610 992
Алматы қ.	22 039	250 000	1 488	32 794 032
Алматы обл.	3 262	250 000	1 488	4 853 856
Атырау	5 451	250 000	1 488	8 111 088
БҚО	5 412	250 000	1 488	8 053 056
Жамбыл	2 136	250 000	1 488	3 178 368
Қарағанды	3 992	250 000	1 488	5 940 096
Қостанай	6 273	250 000	1 488	9 334 224
Қызылорда	1 325	250 000	1 488	1 971 600

Маңғыстау	2 767	250 000	1 488	4 117 296
Павлодар	9 502	250 000	1 488	14 138 976
СҚО	1 719	250 000	1 488	2 557 872
Түркістан	1 042	250 000	1 488	1 550 496
ШҚО	6 944	250 000	1 488	10 332 672
Шымкент	15 977	250 000	1 488	23 773 776
Жиыны	114 044			169 697 472

2-көрсеткіш: Учаскелік инспектордың қызметі (қорғау нұсқамасы)

Жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тұрмыстағы зорлық-зомбылық жасаған адамға қатысты қорғау нұсқамасы шығарылады («Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңның 20-бабы). Қорғау нұсқамасын учаскелік полиция инспекторы шығарады, қорғау нұсқамасы кімге шығарылса, сол адамның қолына тиген күннен бастап отыз тәулікке дейін жарамды. Күнтізбелік жеті күнде кемі бір рет тексеріліп тұрады.

Сөйтіп, үйдегі зорлық-зомбылыққа қарсы күреске жұмсалатын тікелей шығынның екінші көрсеткішіне учаскелік полиция инспекторларының қорғау нұсқамасын шығаруға және отыз тәулік ішінде профилактикалық бақылау жүргізген жұмыс уақытында кететін шығыны жатады.

Есеп мынадай жолмен шығарылды: учаскелік инспектордың жұмыс құнын анықтау үшін оның айына 21 жұмыс күнін және күніне 8 сағат жұмыс уақытын ескере отырып, сондай-ақ әр қорғау нұсқамасын рәсімдеуге орта есеппен 2 сағат кетеді деп алып, орташа еңбекақысын есептеп шығардық. Сондай-ақ заңнамаға сәйкес учаскелік инспектор тұрмыстағы зорлық-зомбылық жасаған адамға бару және әңгімелесу түрінде профилактикалық есеп жүргізіп, бақылайды. Бақылауға кететін жұмыс уақыты: әр тексеруге 30 минут (30 күнде 4 рет).

Учаскелік инспектор шығаратын қорғау нұсқамасы – агрессорға өзіндік «ескерту», одан әрі оған бюджеттен шығын шықпайды.

Дереккөз: ҚР ІІМ-нің учаскелік полиция инспекторының 2021 жылғы орташа еңбекақысына қатысты сауалға берген жауабы және 2021 жылы шығарылған қорғау нұсқамасының саны жөніндегі дерегі.

$\Sigma = 250\,000 \text{ теңге} : 21 \text{ ж.к.} : 8 \text{ с.} = 1\,488 \text{ теңге}$

Әр қорғау нұсқамасына отыз күн ішіндегі бақылауды қосқанда, орта есеппен, учаскелік инспектордың 4 жұмыс сағаты кетеді (бұл жерде ең аз өлшемді алдық, ал нақты өлшем бұл көрсеткіштен асып кетуі мүмкін).

$\Sigma 1 = 1\,488 * 4 * Q$

мұндағы Q — әр аймақтағы нұсқама саны

2-кесте. 2021 жылғы қорғау нұсқамасы саны

Аймақ	ОТЗЗ бойынша 2021 жылы түскен қоңырау саны	Кезекшінің орташа еңбекақысы, теңге	1 сағаттың құны, теңге	Барлық қоңырауға төленгені, теңге
Астана қ.	7 822	250 000	1 488	46 556 544
Ақмола	3 282	250 000	1 488	19 534 464
Ақтөбе	4 015	250 000	1 488	23 897 280
Алматы қ.	5 580	250 000	1 488	33 212 160
Алматы обл.	5 671	250 000	1 488	33 753 792
Атырау	2 298	250 000	1 488	13 677 696
БҚО	2 221	250 000	1 488	13 219 392
Жамбыл	3 725	250 000	1 488	22 171 200
Қарағанды	8 376	250 000	1 488	49 853 952
Қостанай	6 942	250 000	1 488	41 318 784
Қызылорда	2 041	250 000	1 488	12 148 032
Маңғыстау	2 984	250 000	1 488	17 760 768
Павлодар	6 052	250 000	1 488	36 021 504
СҚО	2 380	250 000	1 488	14 165 760
Түркістан	3 851	250 000	1 488	22 921 152
ШҚО	10 024	250 000	1 488	59 662 848
Шымкент	4 404	250 000	1 488	26 212 608
Жиыны	81 668			486 087 936

Дереккөз: ҚР ІІМ мәліметі (жолдаған сауалға берген жауабы)

3-көрсеткіш: Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу

Жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сот тұрмыстағы зорлық-зомбылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеуі мүмкін (22-бап).

«Әкімшілік құқық бұзушылық» туралы кодексте ерекше талаптарға үш айдан бір жылға дейінгі мерзім бекіткен (ӘҚБтК 54-бабы).

Құқық бұзушының мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптардың қолданылу мерзімі аралығында оған профилактикалық әңгімелесу үшін айына бір реттен төрт ретке дейін ішкі істер органдарына келіп тұру міндеті жүктелуі мүмкін (ӘҚБтК 54-бабы).

Ерекше талап уақыты үш ай деп бекітілген жағдайда, учаскелік полиция инспекторы профилактикалық әңгімелесуге кемі 4 сағатын жұмсайды.

Дереккөз: ҚР ІІМ-нің учаскелік полиция инспекторының 2021 жылғы орташа еңбекақысына қатысты сауалға берген жауабы және 2021 жылы ерекше талаптардың саны жөніндегі дерегі

$\Sigma = 250\,000 \text{ теңге} : 21 \text{ ж.к.} : 8 \text{ с.} = 1\,488 \text{ теңге}$

Әр қорғау нұсқамасына отыз күн ішіндегі бақылауды қосқанда, орта есеппен, учаскелік инспектордың 4 жұмыс сағаты кетеді (бұл жерде ең аз өлшемді алдық, ал нақты өлшем бұл көрсеткіштен асып кетуі мүмкін).

$\Sigma 1 = 1\,488 * 4 * Q$

мұндағы Q — әр аймақтағы ерекше талаптар саны

3-кесте. Ерекше талаптар саны

Аймақ	ОТЗЗ бойынша 2021 жылы түскен қоңырау саны	Кезекшінің орташа еңбекақысы, теңге	1 сағаттың құны, теңге	Барлық қоңырауға төленгені, теңге
Астана қ.	403	250 000	1 488	2 398 656
Ақмола	666	250 000	1 488	3 964 032
Ақтөбе	1 152	250 000	1 488	6 856 704
Алматы қ.	497	250 000	1 488	2 958 144
Алматы обл.	699	250 000	1 488	4 160 448
Атырау	559	250 000	1 488	3 327 168
БҚО	388	250 000	1 488	2 309 376
Жамбыл	367	250 000	1 488	2 184 384
Қарағанды	1 237	250 000	1 488	7 362 624
Қостанай	1 209	250 000	1 488	7 195 968
Қызылорда	460	250 000	1 488	2 737 920
Маңғыстау	205	250 000	1 488	1 220 160
Павлодар	655	250 000	1 488	3 898 560
СҚО	630	250 000	1 488	3 749 760
Түркістан	535	250 000	1 488	3 184 320
ШҚО	1 314	250 000	1 488	7 820 928
Шымкент	226	250 000	1 488	1 345 152
Жиыны				66 674 304

Дереккөз: ҚР ІІМ мәліметі (жолдаған сауалға берген жауабы)

4-көрсеткіш: Сот-медициналық сараптама

Шығынның тағы бір түрі – сот сараптамасын жүргізуге кететін шығын.

Мұны есептегенде бір сот-медициналық сараптамасының құнына және ҚР ӘҚБтК 73-1, 73-2 бабы бойынша қанша ОТЗЗ фактісі барын ескердік.

Әділет министрлігі сауалымызға берген жауабында жазғандай, «осыған дейін аталған сот-медициналық сараптама аясында процесс жүргізетін органдар отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қатысты істерден бөлек қылмыстық құқық бұзушылықтар, бұзақылық, азаптау және т.б. сүйеніп басқа да денеге зиян келтіру фактісі бойынша сараптама тағайындайды».

4-кесте. Сот-медициналық сараптама саны

ӘҚБтК 73-1-бабы		ӘҚБтК 73-2-бабы
Бап атауы	денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру	ұрып-соғу
Кесілуі мүмкін жаза түрлері	15 АЕК мөлшерінде айыппұл не 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу, ескерту жасау немесе 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу, 20 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу, 40 АЕК мөлшерінде айыппұл	10 АЕК мөлшерінде айыппұл не 10 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу, ескерту жасау немесе 10 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу, 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу, 30 АЕК мөлшерінде айыппұл

$\Sigma = 16\,257$ теңге * Q
мұндағы Q — сараптама саны

5-кесте. ӘҚБтК 73-1, 73-2 бабы бойынша сараптама саны

№	Аймақ	73-1-бап	73-2-бап	Сараптама құны, теңге	Барлық бап бойынша құн, теңге
1	Астана қ.	298	318	16 257	10 014 312
2	Ақмола	36	259	16 257	4 795 815
3	Ақтөбе	303	199	16 257	8 161 014
4	Алматы қ.	150	483	16 257	10 290 681
5	Алматы обл.	416	886	16 257	21 166 614
6	Атырау	123	350	16 257	7 689 561
7	БҚО	122	178	16 257	4 877 100
8	Жамбыл	195	115	16 257	5 039 670
9	Қарағанды	379	91	16 257	7 640 790
10	Қостанай	258	77	16 257	5 446 095
11	Қызылорда	378	264	16 257	10 436 994
12	Маңғыстау	247	233	16 257	7 803 360
13	Павлодар	303	135	16 257	7 120 566
14	СҚО	204	30	16 257	3 804 138
15	Түркістан	637	364	16 257	16 273 257
16	ШҚО	566	235	16 257	13 021 857
17	Шымкент	250	3	16 257	411 302
Жиыны				147 694 845	

*Дереккөз: ҚР ИМ, ҚР Әділет министрлігінің мәліметі

5-көрсеткіш: Сот шешімдерінің саны

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңның 21-бабына сәйкес «Әкімшілік құқық бұзушылық құрамы бар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесу мақсатында және жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қорғау нұсқамасын шығару жеткіліксіз деп ұйғаруға негіздер болған жағдайда ішкі істер органдарының лауазымды адамы тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды арнаулы орында мәжбүрлеп ұстай отырып, іс-әрекет және жүріп-тұру бостандығынан уақытша айыруды көздейтін әкімшілік ұстауды жүргізеді».

6-кесте. ҚР ӘҚБтК ОТЗЗ фактісі жөніндегі баптары

73-бап	73-1-бап	73-2-бап	461-бап	669-бап
Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған, осы баптың бірінші бөлігінде қарастырылған әрекеттер он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға себеп болады	1 және 1-1-бөлігі. Он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу 2-бөлігі. Жиырма тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу	1 және 1-1-бөлігі. Он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу 2-бөлігі. Он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу	Қорғау нұсқамасын бұзу Бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу	Құқық бұзушының мінез-құлқына сот белгілеген ерекше талаптарды бұзу Жеті тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу 3-бөлігі. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанған, осы баптың екінші бөлігінде қарастырылған әрекеттер он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға себеп болады

$\Sigma = 500\,000$ теңге : 21 ж.к. : 8 с. = 2 976 теңге

ОТЗЗ-ға қатысты әкімшілік іс бойынша сот шешімін шығаруға, орта есеппен, судьяның 1 жұмыс сағаты кетеді (бұл жерде ең аз өлшемді алдық, ал нақты өлшем бұл көрсеткіштен асып кетуі мүмкін).

$\Sigma 1 = 2\,976$ * Q
мұндағы Q — әр аймақтағы сот шешімі саны

7-кесте. Әр бап бойынша сот шешімдерінің саны

№	Аймақ	73-бап	73-1-бап	73-2-бап	461-бап	669-баптың, 2-бөлігі	Сомасы
1	Астана қ.	2 227	298	318	397	146	20 153 472
2	Ақмола	353	36	259	273	65	5 868 672
3	Ақтөбе	1 041	303	199	285	244	12 332 544
4	Алматы қ.	1 785	150	483	177	150	16 338 240
5	Алматы обл.	1 622	416	886	139	89	18 760 704
6	Атырау	1 566	123	350	169	198	14 320 512
7	БҚО	1 399	122	178	97	79	11 160 000
8	Жамбыл	855	195	115	165	51	8 219 712
9	Қарағанды	2 585	379	91	693	326	24 248 448
10	Қостанай	559	258	77	162	32	6 475 776
11	Қызылорда	3 159	378	264	407	254	26 557 824
12	Маңғыстау	806	247	233	140	66	8 880 384
13	Павлодар	2 976	303	135	629	166	25 051 968
14	СҚО	2 518	204	30	183	296	19 230 912
15	Түркістан	548	637	364	115	53	10 219 584
16	ШҚО	3 855	566	235	1 055	474	36 813 120
17	Шымкент	153	250	3	93	14	3 053 376
Жиыны							267 685 248

6-көрсеткіш: Ұстау/қамаққа алу (арнайы қабылдау орнында ұстау)

Арнайы қабылдау орны – әкімшілік қамауға алынған адамдарды, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қабылдауға және ұстауға арналған ішкі істер органдарының арнайы мекемесі.

Сөйтіп, бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа байланысты бес бабы бойынша әкімшілік қамауға алынған адамдарды ұстауға қанша шығын кеткенін көрсетеді.

ИМ жауабынан: «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдарға қамауда және уақытша ұстау изоляторында отырғандар үшін денсаулығы мен күш-қуатын сақтауға жеткілікті деп белгіленген тамақ нормасы беріледі, материалдық-тұрмыстық қажетімен қамтамасыз етіледі. ИО арнайы мекемелерінде бір тәуліктегі тамаққа орта есеппен 1 адамға 1 500 теңге кетеді».

Σ = Q * 1 500 теңге

мұндағы Q – арнайы қабылдау орнындағы тәулік саны

8-кесте. Қамауға алынған адамдар саны					
ӘҚБтК бабы	73-бап	73-1-бап	73-2-бап	461-бап	669-бап
Сот шешімдерінің саны	7 800	1 589	887	1 761	5 610
Арнайы қабылдау орнында 3 тәулік ұстау құны	1 500	1 500	1 500	1 500	1 500
Сомасы	35 100 000	7 150 500	3 991 500	3 991 500	25 245 000
Жиыны	79 411 500				

*Дереккөз: ҚР ИМ мен ҚР Бас прокуратурасының жауабы

7-көрсеткіш: Медициналық қызмет шығыны

Бұл көрсеткіш медициналық көмек көрсетуге байланысты кеткен шығынды көрсетеді. Есептегенде 73, 73-1, 73-2 бабы бойынша барлық факт сомасы, сондай-ақ терапевке бір рет баратынын ескердік (бір рет терапевке барғаны ғана есепке алынды, басқа анализге, дәрі-дәрмекке және арнайы мамандардың қызметіне кеткен шығын есепке алынбады).

Σ = 5 000 теңге * Q

мұндағы Q — 73, 73-1, 73-2 бабы бойынша факт саны

9-кесте. Баптар бойынша факт саны			
Аймақ	73-1, 73-2 бабы бойынша факт саны	Терапевке кіру және емнің құны, теңге	Жалпы сомасы, теңге
Астана қ.	616	10 000	6 160 000
Ақмола	295	10 000	2 950 000
Ақтөбе	502	10 000	5 020 000
Алматы қ.	633	10 000	6 330 000
Алматы обл.	1 302	10 000	13 020 000
Атырау	473	10 000	4 730 000
БҚО	300	10 000	3 000 000
Жамбыл	310	10 000	3 100 000
Қарағанды	470	10 000	4 700 000
Қостанай	335	10 000	3 350 000
Қызылорда	642	10 000	6 420 000
Маңғыстау	480	10 000	4 800 000
Павлодар	438	10 000	4 380 000
СҚО	234	10 000	2 340 000
Түркістан	1 001	10 000	10 010 000
ШҚО	801	10 000	8 010 000
Шымкент	253	10 000	2 530 000
Жиыны	90 850 000		

*Дереккөз: ҚР ИМ мәліметі
*Терапевтің бір рет тексергенде алатын нарықтағы бағасы

Емделуге жүгінгендер саны отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактісіне тең.

8-көрсеткіш: ОТЗЗ фактісі бойынша қылмыстық істер

Қылмыстық процестегі процестік мәжбүрлеу және қауіпсіздік шаралары
Отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық саласындағы істер бойынша қылмыстық өндіріске кететін шығынды толық есептеп шығу қиын, себебі бұған қатысты толық мәлімет алу мүмкін емес. Мысалы, жедел іздестіру қызметіне кететін шығынды есептеп шығу мүмкін емес. Есептеу үшін ҚР Қылмыстық кодекстің 99, 106, 107 бабы бойынша отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық саласындағы құқық бұзушылықтар жөніндегі статистикаға сүйендік. Отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша сот қызметі мен бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдарды ұстау шығынын есептедік.

Бірінші сатыдағы сот судьяларының еңбекақысын ОТЗЗ фактілері бойынша әр қылмыстық іске 1,5 сағат жұмсайды деп алдық.

Σ = 500 000 теңге : 21 ж.к. : 8 с. = 2 976 теңге

Әр қылмыстық іске судья орта есеппен бір жарым сағат жұмыс уақытын жұмсайды деп алдық, ал нақты көрсеткіш бұдан бірнеше есе көп болуы мүмкін.

$$\Sigma 1 = 2\,976 * 1,5 * Q$$

мұндағы Q — әр аймақтағы қылмыстық істер саны

10-кесте. ОТЗЗ бойынша 2021 жылғы қылмыстық іс саны

	Аймақ	ОТЗЗ бойынша 2021 жылғы қылмыстық іс саны	Бірінші сатыдағы сот судьясының жұмыс құны 15 сағат	Барлық шығын, теңге
1	Астана қ.	47	44 640	2 098 080
2	Ақмола	68	44 640	3 035 520
3	Ақтөбе	35	44 640	1 562 400
4	Алматы қ.	38	44 640	1 696 320
5	Алматы обл.	118	44 640	5 267 520
6	Атырау	7	44 640	312 480
7	БҚО	20	44 640	892 800
8	Жамбыл	34	44 640	1 517 760
9	Қарағанды	99	44 640	4 419 360
10	Қостанай	56	44 640	2 499 840
11	Қызылорда	10	44 640	446 400
12	Маңғыстау	12	44 640	535 680
13	Павлодар	97	44 640	4 330 080
14	СҚО	52	44 640	2 321 280
15	Түркістан	46	44 640	2 053 440
16	ШҚО	131	44 640	5 847 840
17	Шымкент	24	44 640	1 071 360
Жиыны				39 908 160

*Дереккөз: ҚР ПІМ мәліметі

9-көрсеткіш: ОТЗЗ фактісі бойынша 2021 жылы жазасын өтеп жатқан адамдар (сотталғандар) статистикасы

Есептегенде ҚАЖК 2021 жыл қорытындысы бойынша берген ақпаратын басшылыққа алып, жазасын өтеп жатқандар санына сүйендік.

Қорытынды соманы есептегенде бас бостандығынан айырылған адамды ұстауға ай сайын кететін 88 500 теңгені ескердік.

$$\Sigma = 88\,500 \text{ теңге} * 12 \text{ ай} * Q$$

мұндағы Q — жазасын өтеп жатқан адамдар саны

11-кесте. 2021 жылы жазасын өтеп жатқандар статистикасы

	Аймақ	Адам саны	Ұстауға кететін ай сайынғы шығын, теңге	2021 жылғы барлық шығын, теңге
1	Астана қ.	17	88 500	18 054 000
2	Ақмола	67	88 500	71 154 000
3	Ақтөбе	26	88 500	27 612 000
4	Алматы қ.	2	88 500	2 124 000
5	Алматы обл.	29	88 500	30 798 000
6	Атырау	12	88 500	12 744 000
7	БҚО	130	88 500	138 060 000
8	Жамбыл	76	88 500	80 712 000
9	Қарағанды	187	88 500	198 594 000
10	Қостанай	342	88 500	363 204 000
11	Қызылорда	7	88 500	7 434 000
12	Маңғыстау	7	88 500	7 434 000
13	Павлодар	56	88 500	59 472 000
14	СҚО	318	88 500	337 716 000
15	Түркістан	54	88 500	57 348 000
16	ШҚО	164	88 500	174 168 000
17	Шымкент	0	0	0
Жиыны				1 586 628 000

*Дереккөз: ҚАЖК сотталғандар жөніндегі мәліметі
https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/byudjet-tratit-zaklyuchennyih-5-bolshe-na-detey-deputat-430640/

Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша ҚАЖК жауабында екі аймақтың көрсеткішін бірден көрсеткен.

10-көрсеткіш: ӘЗЗҚБ қызметі

Бұл көрсеткіш бойынша жеке сауал жолдағанбыз, бірақ ресми жауапқа сәйкес бұл мәліметтер «қызмет бабында пайдалану үшін» санатына жатады екен.

Есептегенде инспекторлардың орташа айлық еңбекақысына сүйену керек деп шештік.

Аймақтағы әр ауданда бір өкіл болады деп алып, соның жылдық еңбекақысын есептедік.

12-кесте. Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшелері маманының қызметі

	Аймақ	ӘЗЗҚБ инспекторлары саны	Айлық еңбекақысы, теңге	2021 жылғы барлық шығын, теңге
1	Астана қ.	7	250 000	21 000 000
2	Ақмола	20	250 000	60 000 000
3	Ақтөбе	15	250 000	45 000 000
4	Алматы қ.	11	250 000	33 000 000
5	Алматы обл.	22	250 000	66 000 000
6	Атырау	10	250 000	30 000 000

Қазақстандағы отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күреске кеткен шығынды бағалау				
7	БҚО	15	250 000	45 000 000
8	Жамбыл	13	250 000	39 000 000
9	Қарағанды	20	250 000	60 000 000
10	Қостанай	10	250 000	30 000 000
11	Қызылорда	21	250 000	63 000 000
12	Маңғыстау	8	250 000	24 000 000
13	Павлодар	15	250 000	45 000 000
14	СҚО	15	250 000	45 000 000
15	Түркістан	7	250 000	21 000 000
16	ШҚО	22	250 000	66 000 000
17	Шымкент	17	250 000	51 000 000
Жиыны: 248			744 000 000	
*Дереккөз: ҚР ІІМ мәліметі				

11-көрсеткіш: Дағдарыс орталықтарын қаржыландыру

Бұл көрсеткіште тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін дағдарыс орталықтарында әйелдерді (және балаларды) ұстау шығыны ескерілген.

Арнаулы әлеуметтік қызмет «Арнаулы әлеуметтік қызметтер» туралы заңға сәйкес көрсетіледі.

«Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңның 1-бабында «арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілер – арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларда жұмыс істейтін жеке және (немесе) заңды тұлғалар» деп жазылған. Сондықтан арнаулы әлеуметтік көмекті мемлекеттік мекемелер де, үкіметтік емес ұйымдар да көрсетеді.

Бұл есепті жергілікті атқарушы органдардың сауалымызға берген ресми жауабы мен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сүйеніп жүргіздік.

13-кесте. Дағдарыс орталықтарын қаржыландыру			
Аймақ	РБ-дан қаржыландыру, 2021 ж., теңге	ЖБ-дан қаржыландыру, 2021 ж., теңге	Арнаулы әлеуметтік қызметті қаржыландыру
Астана қ.	0	39 246 000	28 911 492
Ақмола	3 989 000	67 827 000	0
Ақтөбе	5 431 000	18 497 000	20 310 000
Алматы қ.	2 422 000	91 800 000	0
Алматы обл.	2 581 000	56 840 000	0
Атырау	0	20 959 800	2 680 000
БҚО	2 628 000	78 235 000	0
Жамбыл	3 484 000	120 422	0
Қарағанды	1 125 000	-/-	124 010 407

Қазақстандағы отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күреске кеткен шығынды бағалау			
Қостанай	3 633 000	42 001 000	1 399 850
Қызылорда	2 850 000	56 593 000	0
Маңғыстау	2 607 000	- /-	0
Павлодар	0	209 835	6 700 000
СҚО	2 850 000	28 648 450	0
Түркістан	6 715 000	26 993 220	0
ШҚО	3 624 000	9 322 000	0
Шымкент	0	-/-	0
Жиыны	43 939 000	537 292 727	184 011 749
765 243 476			
*Дереккөз: ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстар әкімдігі берген мәлімет			

Қарағанды, Маңғыстау облысының және Шымкент қаласының әкімдігі мәлімет берген жоқ.

14-кесте. Отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы саласындағы 2021 жылғы мемлекеттік тапсырыс бойынша жасалған жобалар саны мен оларды қаржыландыру сомасы

Аймақ		Жоба саны	Сатып алу қорытындысы бойынша сомасы
1	Ақмола облысы	2	3 456 500
2	Алматы облысы	1	1 071 428
3	БҚО	2	4 170 000
4	Қарағанды облысы	1	400 000
5	Қостанай облысы	1	495 000
6	«Азаматтық бастамаларға қолдау көрсету орталығы» АҚ	1	15 000 000
7	Жиыны		24 592 928
*Дереккөз: goszakur.gov.kz мемлекеттік сатып алу порталы және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» АҚ сайты			

II. ҮЙДЕГІ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰНЫН ЕСЕПТЕУДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ ШОЛУ

Әлемде зорлық-зомбылық құнын есептеудің бірыңғай тәсілі мен әдістемесі жоқ. Дамыған елдер үйдегі зорлық-зомбылық экономикаға қандай зиян келтіреді деп осыдан елу жыл бұрын ойланып, есептеуді қолға алған. Аустралия, Ұлыбритания, АҚШ және Еуроодаққа кіретін елдерде үйдегі зорлық-зомбылыққа қарсы күреске мемлекет пен жекеменшік сектор шығынын есептеудің белгілі бір жүйесі бар. Үйдегі зорлық-зомбылыққа кететін шығынды талдау барысында үйдегі зорлық-зомбылыққа қарсы күрес шығынының құнын, экономикаға келтірген зиян көлемін және зорлық-зомбылық салдарынан жұмысқа жарамай қалып, табысы мен кірісінен айырылу мәселесі зерттеледі. Қазір үйдегі зорлық-зомбылық өмір сүру сапасына, экономикалық өсудің келешегіне кері әсер етеді деп пікір айтатындар көбейген.

Тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күрес шығынын есептеу ісі Қазақстанда бұрын-соңды атқарылмаған. Бұл анализ – отбасындағы, тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы мен оған қарсы күрестің шығынына сандық және сапалық анализ жасаған алғашқы талпыныс.

Еуроодақ

2021 жылы Еуропа гендерлік теңдік институты (EIGE) ЕО-ның 27 еліндегі әйелдерге қатысты интим серіктесінің зорлық-зомбылық құны 152 млрд евроға¹⁵ жуық болған деп жариялаған.

EIGE зерттеуі барысында шығынның үш түрін сарапқа салған:

- жұмыс орны мен жұмысқа жарамдылығына байланысты түрлі шығынға ұшырағандықтан айырылған экономикалық пайда;
- мемлекеттік қызметтерге кететін шығын, соның ішінде денсаулық сақтау қызметіне, жеке басына, қылмыстық және азаматтық сот төрелігі жүйесіне, өзі қаржыландыратын сотқа, үй-жай мен балаларды қорғауға кететін, сондай-ақ мамандардың қызметіне төлейтін шығын;
- үйдегі зорлық-зомбылық кезінде күш қолдану мен эмоциялық тұрғыдан әсер еткені салдарынан өмір сүру сапасы төмендегенінен туатын залал.

EIGE зерттеу жұмысына көз салсақ, ең көп шығын күш қолдану мен эмоциялық тұрғыдан әсер еткенде (56%), содан кейін қылмыстық сот төрелігіне (21%) және айырылған экономикалық пайдасына (14%) кететінін көреміз.

Ұлыбритания

Ұлыбританияның Ішкі істер министрлігінің 2019 жылы жариялаған «Үйдегі зорлық-зомбылықтың экономикалық және әлеуметтік шығыны» деген анализ есебінде 2016-2017 жылдардағы Англия мен Уэлсте болған үйдегі зорлық-зомбылық құны есептелген.

¹⁵ <https://eige.europa.eu/gender-based-violence/costs-of-gender-based-violence-in-eu>

2017 жылғы 31 наурызда аяқталған¹⁶ есептегі мәліметке сүйенсек, жыл ішінде үйдегі зорлық-зомбылық шығыны 66 млрд фунт стерлиннен асып кеткен. Жалпы құнының ең көп бөлігі – құрбандарға күш қолдану мен эмоциялық тұрғыдан зиян келтіруге (47 млрд фунт стерлин) тиесілі, бұл үйдегі зорлық-зомбылыққа кеткен барлық шығынның 71%-ын алып отыр. Экономикалық зиян – 14 млрд фунт стерлин – жұмысқа жарамсыз болып қалған күндері табыс таппағанымен және үйдегі зорлық-зомбылық салдарынан еңбек өнімділігі төмендегенімен байланысты. Қалған 5 млрд фунт стерлин мемлекеттік шығынға кеткен (денсаулық сақтауға, полицияға және зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету шығыны).

Үйдегі зорлық-зомбылық құнын есептегенде мына бағыттардағы шығын есептелген:

- ескерту (қорғау және профилактика ісшараларына кеткен шығын);
- салдары (мүлікті сындыру, күш қолдану мен эмоциялық залал, жұмысқа жарамай қалу, денсаулық сақтау қызметі);
- жауап беру (полиция мен қылмыстық сот төрелігі жүйесі).

Аустралия

Our Watch және Victorian Health Promotion Foundation (VicHealth) қорының сұрауы бойынша PricewaterhouseCoopers Australia (PwC) 2015 жылы дайындаған анализ есебіне¹⁷ сүйенсек, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық салдарынан жылына 21,7 млрд доллар шығын шығады, оның үстіне осы шығынның негізгі бөлігін құрбандардың өзі төлейді. Үкіметтен (мемлекеттен, штаттан, аймақтан) кететін шығын көлемі екінші орында тұр, яғни жылына 7,8 млрд доллар, бұған денсаулық сақтау, әкімшілік және әлеуметтік қамсыздандыру шығыны кіреді. Ғалымдардың болжамынша, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау үшін әрі қарай бір амал жасамаса, шығын 2014-2015 жылдардан 2044-2045 жылдар аралығындағы 30 жылда 323,4 млрд долларға жетпек.

Ғалымдар әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты болдырмаудың нендей артықшылықтары барын бағалағанда зорлық-зомбылық салдарынан туған экономикалық шығынды есептейтін және мұндай шығын шығармау қаншалықты мүмкін екенін анықтайтын шығын-пайда анализін қолданған.

АҚШ

Бір топ ғалым 2018 жылғы тамызда жарияланған «АҚШ ересектері арасындағы интим серіктесінен зорлық-зомбылық көргендердің өмір бойғы экономикалық ауыртпалығы» деген ғылыми зерттеуге¹⁸ назар аударсақ, интим серіктесінен зорлық-зомбылық көргендердің экономикалық ауыртпалығы 3,6 трлн АҚШ доллары болған (2014 жыл, АҚШ).

Зерттеу нәтижесі бойынша, интим серіктесінен зорлық-зомбылық көрген құрбан өмірінің шамамен алғандағы құны: 1 әйел құрбандікі – 103 767 АҚШ доллары; 1 ер

¹⁶ https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment_data/file/918897/horr107.pdf

¹⁷ <https://www.pwc.com.au/pdf/a-high-price-to-pay.pdf>

¹⁸ [https://www.ajpmonline.org/article/S0749-3797\(18\)31904-4/fulltext](https://www.ajpmonline.org/article/S0749-3797(18)31904-4/fulltext)

құрбандікі – 23 414 АҚШ доллары. Сөйтіп, АҚШ-та 43 миллион ересек құрбан болғанын ескерсек, құрбанның өмір бойғы ауыртпалығы 3,6 трлн АҚШ долларына жетеді екен (2014 жыл, АҚШ). Бұл шығынның 2,1 трлн доллары (бүкіл соманың 59%) медициналық шығынға, 1,3 трлн доллары (37%) қылмыскер мен құрбанның жұмысқа жарамай қалуына байланысты шыққан шығынына, 73 млрд доллары (2%) қылмыстық сот төрелігінің қызметіне және 62 млрд доллар (2%) басқа да шығынға (жәбірленуші мүлкінің бүлінуіне, пайдалануға жарамай қалуына) кеткен. Мемлекет өмір бойғы экономикалық ауыртпалықтың шамаман 1,3 трлн долларын (37%) өтейді.